

**«ШӘКӘРІМ ФИЛОСОФИЯСЫ ЖӘНЕ ҚАЗІРГІ ИСЛАМ
ҚҰНДЫЛЫҚТАРЫ»**

Қапсалым Бірғаным Еркінқызы Birganym1006@icloud.com «Қазақ тілі мен әдебиеті пәндерінің мұғалімі» білім бағдарламасының 2 курс студенті Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау қ, Қазақстан Республикасы Ғылыми жетекшісі, философия ғылымдарының докторы, профессор Бекежан Ө.Қ.

Кең байтақ қазақ даласы сан ғасырлар бойы небір ғұлама ойшылдарды, философтарды, көреген саясаткерлер мен ағартушыларды, талантты ақындар мен өнер иелерін дүниеге әкелді. Қазақ халқының мәдениеті мен руханиятының дамуына өлшеусіз үлес қосқан осындай ірі тұлғалардың бірі -Абай Құнанбайұлы. Ол – қазақ елінің ғана емес, жалпы түркі дүниесінің аса көрнекті ойшылы, өз заманының аса білімді, парасатты тұлғасы. Оның немере інісі Шәкәрім Құдайбердіұлы да осы ұлы жолды жалғап, қазақ әдебиеті мен философиясына өлшеусіз үлес қосты. Ол тек ақын ғана емес, терең ойшыл, философ әрі ағартушы болды. Алланың өзі де рас, сөзі де рас, Рас сөз ешуақытта жалған болмас. Көп кітап келді Алладан, оның төрті Алланы танытуға сөз айырмас-, бұл Абайдың қаламынан туған өлеңі исламның негізгі қағидаларын тереңінен ұғынуға, дінді ақылмен түсінуге үндейді. Абай үшін Алланы тану – тек сыртқы құлшылықпен шектелмейді, ол адамның жүрек тазалығы мен ақыл-парасаты арқылы жүзеге асады. Осы ұлы ойдың жалғастырушысы, ізбасары ретінде Шәкәрім Құдайбердіұлы да ислам мәселесіне терең бойлап, дін мен ақылдың үйлесімін іздеді. Әкесінен ерте айырылып, бала кезінен ағасы Абайдың қамқорлығында болған Шәкәрім оның ілімін бойына сіңіріп өсті. Абайдан алған тағылымы оның шығармашылығы мен дүниетанымының негізіне айналды. Жастайынан білімге құмартып, тек шығыс әдебиеті мен діни ілімдерді ғана емес, сондай-ақ Батыс философиясын да меңгерді. Ол 143 адам өмірінің мәнін, адамгершілік ұстанымдарын терең зерттеп, шығармаларында көтерді. Оның ойынша, адамзаттың басты мақсаты – ар мен ақылға сүйеніп, шындық пен әділеттілік жолында өмір сүру. Шәкәрім Құдайбердіұлы ислам дінін түсіндіруде оның мәніне, ішкі рухани құндылықтарына көбірек назар аударған. Ол исламды соқыр сенім немесе тек діни рәсімдерді орындау ғана емес, адамның ішкі жан-дүниесін тәрбиелеу, ақыл мен парасатты жетілдіру жолы деп қарастырды. Оның «Мұсылмандық шарты» атты еңбегінде исламның негізгі қағидалары халыққа түсінікті, қарапайым тілде баяндалады. Бұл кітап тек діни көзқарасты насихаттау емес, адамдарға шынайы мұсылмандықтың мәнін түсіндіруге арналған. Шәкәрім бұл еңбегінде исламның басты ұстанымдарын, иман негіздерін, ғибадат түрлерін және шарифат үкімдерін жүйелі түрде түсіндіреді. Ол ең алдымен иман шарттарына тоқталып, Аллаһ Тағаланың барлығына ақылмен ой жүгіртіп сенудің маңыздылығын атап өтеді. Сонымен қатар, ол Құран аяттары мен Пайғамбарымыздың (с.а.у.) хадистерін негізге ала отырып, әрбір мұсылманға қажетті білімдерді ұсынады. «Мұсылмандық шарты» кітабында Шәкәрім исламның бес парызы – иман келтіру, намаз оқу, ораза ұстау, зекет беру және қажылыққа бару – туралы кеңінен тоқталады. Ол әрбір ғибадаттың мәні мен маңызын түсіндіріп, олардың рухани және әлеуметтік өмірдегі рөлін айқындайды. Бұл еңбекте Шәкәрім мұсылмандықтың тек сыртқы көріністеріне ғана емес, оның ішкі мәніне, рухани тазалығына да ерекше көңіл бөледі. Бүгінгі таңда дінді түсінуде екі түрлі көзқарас бар. Бірі дінді тек сыртқы белгілер арқылы қабылдап, оның формасына басымдық береді. Мысалы, кейбір адамдар мұсылмандықтың басты белгісі ретінде діни киім киюді, сақал өсіруді немесе намаз оқуды ғана көреді. Кейбірі тіпті мұсылмандар сыртқы діни белгілерді сақтай отырып, шынайы адалдықты ұмытып жатады. Мысалы, намаз оқып жүріп, өтірік айту, өзгенің ақысын жеу, әділетсіздік жасау.

Бұл нағыз мұсылмандыққа сай келе ме? Алайда Шәкәрім бұл сыртқы белгілерден бұрын, шынайы мұсылмандық адам бойындағы тазалықта, әділдікте, ізгілік пен мейірімділікте екенін баса айтқан. Қазіргі таңда кейбір жастар дінді терең зерттемей, оны тек сыртқы атрибуттармен өлшеуге бейім. Соның салдарынан радикалды діни ағымдардың ықпалына түсіп, діннің рухани жағына емес, қатаң заңдарына ғана сүйеніп кетуі мүмкін. Шәкәрім бұл тұрғыда исламның мәнін түсінуге, оны адамгершілік пен ақыл-ойдың үйлесімділігі арқылы ұғынуға шақырады. Шәкәрімнің «Үш анық» еңбегі – оның философиялық ойларының шыңына шыққан еңбектерінің бірі. Бұл туындысында ол адамзаттың басты үш ақиқатын айқындап, ақыл мен ғылымның дінмен үйлесімін талдады. Оның пайымдауынша, шынайы сенім соқыр сенімге емес, ақыл мен логикаға негізделуі тиіс. Ол: «Таза ақылмен таппаған дін, Шын дін емес – жындылық», – деп, діннің мәнін терең түсінбей, оны тек міндетті ретінде қабылдауды қатты сынға алды. Шәкәрім үшін нағыз иман – дәлелге сүйенген, ақыл таразысынан өткен сенім. Ол Құдайға сенуді сыртқы рәсімдермен ғана шектемей, оны жүреппен қабылдап, ғылым арқылы түсінуге шақырды. Бүгінде дін мен ғылымды бір-біріне қарама-қарсы қою тенденциясы бар. Кейбір адамдар ғылымды мойындамай, тек діни түсініктерге сүйенсе, басқалары дінді мүлдем жоққа шығарады. Бұл екі шеткері көзқарастың екеуі де ақиқатқа апармайды. Шәкәрімнің ойынша, шынайы білім – ғылым, дін және ар-ұжданның үйлесімінде жатыр. Адамзат тарихында діни нанымдар әртүрлі болғанымен, олардың барлығы ақиқатты іздеуге, жоғары күшті тануға деген талпыныстан туған. Шәкәрім Құдайбердіұлы өзінің «Дін» атты өлеңінде осы ойды нақты көрсетеді. Ол адамдардың әртүрлі сенімге ие болуын – ақиқатты 144 әртүрлі қабылдауымен байланыстырады. Біреу Күнге, біреу отқа, біреу суретке табынған, ал кейбіреулер Құдайды мүлде жоққа шығарған. Бірақ бұл айырмашылықтарға қарамастан, барлық діндер адамды рухани кемелдікке, әділдікке және ішкі тазалыққа жетелеуді мақсат етеді. Қазіргі әлемдік статистика да осы ойды растайды. Бүгінде жер бетіндегі адамдардың 32%-ы – христиандар, 25%-ы – мұсылмандар, 15%-ы – индуистер, тағы 15%-ы – өзін ешбір дінге жатқызбайтындар. Бұл сандар діндердің әртүрлі болғанына қарамастан, адамзаттың рухани ізденісі жалғасып келе жатқанын көрсетеді. Өзін «дінсіз» деп көрсеткен адамдардың жартысы жоғары күштің бар екеніне сенсе, қалған бөлігі атеистік немесе агностикалық көзқарасты ұстанады. Бұл да олардың өздігінше ақиқатты іздеуінің бір көрінісі. Шәкәрімнің айтуынша, ең бастысы – адамның жүрегінің тазалығы. Ол дінді адамдардың бір-бірімен бөлінуіне емес, рухани кемелдікке жетуіне қызмет етуі тиіс деп түсіндіреді. Көптеген діндерде әділдік, адалдық, мейірімділік сияқты ортақ құндылықтар бар. Демек, әртүрлі сенім жүйелері болғанымен, түпкі мақсат – адамды жақсы қасиеттерге баулу. Қазіргі әлемде діндер арасындағы айырмашылық кейде қақтығыстарға себеп болса да, Шәкәрімнің көзқарасы бойынша, бұл айырмашылықтар ақиқатқа апаратын әртүрлі жолдар ғана. Егер адамдар діннің сыртқы атрибуттарына емес, оның рухани мәніне үңілсе, қоғамда бейбітшілік пен түсіністік орнайды. Ақ жүрек – ең маңызды қасиет. Шәкәрім айтқандай: «Ақ жүректі ертерек, Ескер-дағы, қыл әдет...» Яғни, маңыздысы – адамның жүрегінің тазалығы мен әділдікке ұмтылуы. Діндер әртүрлі болғанымен, олардың түп мақсаты – адамзатты рухани биіктікке көтеру. Қазіргі әлемде діни фанатизм мен атеизм арасында үлкен қайшылықтар бар. Бір тарап дінді соқыр сенім ретінде қабылдаса, екінші тарап мүлде теріске шығарады. Шәкәрімнің ойынша, ең дұрыс жол – ақылмен, жүреппен іздену, әділеттілікті сақтау. Ол әр адам өзінің сенімін ақылмен зерттеп, жүрегіне жақын шындықты табуы керектігін айтады. Шәкәрімнің бұл өлеңі дін мен рухани ізденіс туралы терең философиялық толғам. Ол әр адамның сенім жолы әртүрлі болғанымен, шынайы мұрат – әділеттілік пен адалдық екенін еске салады. Ақын үшін нағыз Тәңір жолы – “ақ жүрек” жолы. Бұл идея бүгінгі заман үшін де аса өзекті, себебі рухани тазалық пен ізгілік – кез

келген діннің негізі. Хақ мұсылман кім болар – Айтса сөзі шын болар. Рахым, ұят, ар, ынсап – Төртеуі болса, дін болар. Төртеуінің бірі жоқ, Бойында иман нұры жоқ. Құры айтқанмен бола ма, Мұсылмандық түрі жоқ-, Бұл Шәкәрімнің ағасы Абай қайтыс болғаннан кейін өзіне айтқан өлең жолдары. Ағасы мезгілсіз қаза тапқаннан кейін еліне жеткізгісі келген ащы ойы бәлкім осы болар. Оның «Хақ мұсылман кім болар?» деген сұрағы – жай ғана риторикалық сауал емес, бұл мұсылмандықтың мәнін ашатын философиялық толғау. Ақын мұсылмандықтың өлшемін төрт қасиетпен белгілейді: Рахым (мейірімділік), Ұят (ар-ождан), Ар (адамгершілік, намыс), Ынсап (әділдік, қанағат). Ол осы төрт қасиеттің әрбір мұсылманның бойында болуын басты шарт ретінде қояды. Егер адамда бұл қасиеттер болмаса, оның мұсылмандығы тек атау күйінде қалып, шынайы діннің мәні жоғалады. Бұл жерде Шәкәрім шындықты айту, мейірімді болу, ар-ұятты сақтау, әділетті болу сияқты құндылықтарды 145 мұсылмандықтың басты белгілері ретінде қарастырады. Ол діннің негізі ретінде адамның ішкі тазалығын бірінші орынға қояды. Шәкәрімнің бұл пікірі Құран мен хадистердегі көптеген аяттармен үндеседі. Пайғамбарымыз Мұхаммед (с.а.у): «Нағыз мұсылман өзге мұсылмандар оның тілі мен қолынан зиян көрмеген адам» (әл-Бухари, Әл-Әдәбу әл-Муфрад) Бұл хадис Шәкәрімнің ойымен сәйкес келеді. Себебі, егер адам мейірімсіз, әділетсіз, өтірікші болса, ол қалайша шынайы мұсылман бола алады? Шәкәрімнің «Хақ мұсылман» түсінігі исламның ең негізгі құндылықтарына негізделген. Ол мұсылмандықты тек намаз, оразамен өлшеуге қарсы шығып, шынайы дін – адамның рухани тазалығы екенін көрсетеді. Адамда рахым, ұят, ар, ынсап болмаса, оның намазы да, оразасы да қабыл болмайтынын ескертеді. Бұл – өте терең ой.Егер біз исламды Шәкәрім айтқандай түсінсек, қоғамымыз әділетті, мейірімді болар еді. Ендеше, шынайы мұсылман болу – тек ғибадат орындау емес, адамдық қасиеттерді дамыту екенін есте сақтайық. «Шынайы мұсылман – тілі мен қолынан басқаға зиян келтірмеген адам» (Бұхари, Мұслим). Дін – адамзат тарихымен бірге дамып, сан ғасырлық ізденістің нәтижесінде түрлі формаларда қалыптасқан құбылыс. Бірақ оның түпкі мәні әрдайым өзгеріссіз қалады – адамды рухани жетілуге, әділдікке және ізгілікке шақыру. Шәкәрім Құдайбердіұлының көзқарасы бойынша, ең бастысы – жүрек тазалығы, әділеттілікке ұмтылу және нәпсіні тию. Бұл қағидалар барлық діндерде кездеседі, өйткені олардың мақсаты – адамдарды мейірімді, адал, әділ ету. Қазіргі әлемде діндер мен сенім жүйелері алуан түрлі болғанымен, олардың барлығы адамның ақиқатты іздеуінің көрінісі. Кейбір адамдар дәстүрлі діндерді ұстанса, енді біреулері өзін белгілі бір дінге жатқызбайды, бірақ жоғары күштің бар екенін мойындайды. Ал басқалары атеистік немесе агностикалық көзқарасты таңдайды. Осы айырмашылықтарға қарамастан, барлық сенім жүйелері адамның жан дүниесін байытып, оны рухани кемелдікке жетелеуге бағытталған. Егер адам діннің сыртқы атрибуттарына емес, оның мәніне терең үңілсе, әлемде бейбітшілік пен өзара түсіністік орнар еді. Дін адамдарды бөлмеуі керек, керісінше, оларды бір біріне жақындастырып, рухани тұрғыдан дамытуы қажет. Шәкәрім айтқандай, ең маңыздысы – ақ жүрек, ал қалғаны – уақытша дүниелер. Сол себепті әркім өз сенімін қаншалықты таза, адал ұстанса, қоғамда әділдік пен мейірім соғұрлым арта түседі. Шәкәрімнің ойынша, егер адам жүрегі таза, ниеті дұрыс болса, ол қай дінді ұстанса да, түбінде хақиқатқа жетеді. Ол дінді адамзатты бөліп-жарудың емес, біріктірудің құралы ретінде қарастырады. Бұл идея әсіресе қазіргі заман үшін өзекті. Әлемде діни сенімдердің әртүрлілігі адамдар арасындағы түсініспеушіліктер мен қақтығыстарға себеп болып жатады. Бірақ мұның түпкі себебі – сенімнің мәнін терең түсінбеу. Егер адамдар өздерінің және өзгенің дініне шынайы үңіліп, оның рухани негіздерін түсінсе, бір-біріне төзімділікпен қарап, әділдікке, мейірімділікке ұмтылар еді. Шәкәрім осы ойды: «Ақиқаттың түбі – бір, Ол – Тәңірі, анық сын». – деп түйіндейді. Яғни, қанша дін болса да, олардың барлығы түптеп келгенде бір ақиқатқа бастайды. Бұл ақиқат –

әділдік, мейірім, тазалық, рухани кемелдік. Сондықтан қандай сенімде болсақ та, ең бастысы – өз жүрегімізді таза ұстау, адал өмір сүру және әділеттілік жолынан таймау. Шәкәрімнің философиясы бізді осыған шақырады.

Қолданылған әдебиеттер тізімі: 1.Құдайбердіұлы, Ш. Үш анық [Мәтін] / Ш. Құдайбердіұлы. – Алматы : Ғылым, 1991. – 80 бет 2с., 2.<https://ortalyq.kz/sh-k-rimni-na-yl-s-zderi/> 3.https://www.zharar.com/index.php?do=shorttexts&tag_id=4979 4.Құдайбердіұлы Ш.Мұсылмандық шарты-Алматы:Қазақстан Мерей Ақиық 1993.-80 бет 5.<https://sevabashirov.livejournal.com/579959.html>